# Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Үндістан бірлескен үкіметаралық комиссиясының 3-ші мәжілісінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 13 желтоқсан N 1909

1999 жылғы 29 наурызда Алматы қаласында өткен Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Үндістан бірлескен үкіметаралық комиссияның 3-ші мәжілісінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы 29 наурызда Алматы қаласында өткен Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастық бойынша Қазақстан-Үндістан бірлескен үкіметаралық комиссияның 3-ші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген

тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 ж. 13 желтоқсандағы
N 1909 қаулысымен
бекітілген

1999 жылғы 29 наурызда Алматы қаласында өткен Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастық жөніндегі

Қазақстан-Үндістан бірлескен үкіметаралық комиссияның 3-ші мәжілісінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың

ЖОСПАРЫ

| N п/п | Іс-шаралар | Орындалуына жауаптылар | Атқару мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1. | Экология және қоршаған орта саласындағы келісімнің; | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі | 2000 жылдың 2-тоқсаны |
| | Туризм саласындағы келісімнің; | Туризм және спорт жөніндегі агенттігі | 2000 жылдың 3-тоқсаны |
| | Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумның; | Ауыл шаруашылығы министрлігі | 2000 жылдың 2-тоқсаны |
| | Шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумның жобасын қол қоюға дайындау. | Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік | 2000 жылдың 2-тоқсаны |
| 2. | Үндістан жағына үндістан спутнигінен алынатын бірлескен ғарыштық ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығының жобасын ұсыну | Энергетика,индустрия және сауда министрлігі | 2000 жылдың 3-тоқсаны |
| 3. | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірлескен ынтымақтастық жөніндегі бағдарламаны әзірлеу | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі | 2000 жылдың 2-тоқсаны |
| 4. | Үндістан жағымен бірлесіп комиссияның мәжілісінде айтылған:<br>- ауыл шаруашылығы; | Ауыл шаруашылығы министрлігі, Энергетика,индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар | Ұдайы |

| | | |
|---|---|---|
| - машина жасау;<br>- көмір;<br>- мұнай және газ;<br>- жеңіл өнеркәсіп;<br>- көлік және туризм;<br>- құрылыс жөніндегі ұсыныстар мен жобаларды қарау | министрлігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы ЖАҚ, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Инвестициялар жөніндегі агенттік | |
| 5. Қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың барысы туралы және тиісті салалардағы істің жағдайы туралы Энергетика,индустрия және сауда министрлігі хабарлау | Ауыл шаруашылығы министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шығын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Инвестициялар жөніндегі агенттік | Жарты жылда 1 рет |
| 6. Мұнай мен газ жөнінде өзара қабылданымды келісімге қол жеткізу үшін үндістан жағының ұсыныстарын талқылау | "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы ЖАҚ, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | 2000 жылдың 2 тоқсаны |
| 7. Үндістан жағының ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұсынысын талқылау | Ауыл шаруашылығы министрлігі | 2000 жылдың 1 тоқсаны |
| 8. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін қажетті технологиялардың тізімін дайындау және үндістан жағына беру | "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ (келісім бойынша), Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және | 2000 жылдың 2 тоқсаны |

| | | |
|---|---|---|
| | шағын бизнесті қолдау жөнін-<br>дегі агенттік | |
| 9. Үндістан жағымен Алматыда Кәсіпкерлікті дамыту орталығын ашу туралы мәселені пысықтау | Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөнін-<br>дегі агенттік,<br>"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ (келісім бойынша),<br>Алматы қаласының әкімі | 2000 жылдың 2 тоқсаны |

Оқығандар:
Орынбекова Д.К.
Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК